


21-ші суреттен (а,б) КСР-тің сазды фазаны диспергирлей алатындығы байқалады. 21а суретінде ірі сазды бөлшектер көрінеді, олардың ұштары үшкір, ал КСР қосылған сазды бөлшектердің контурлары жұмыр болып келеді (21ә сурет).

21 б, в суретінде сулы-сазды суспензияның сазды бөлшектері көрсетілген. Б суретінде КСР енгізбеген кезде сулы-сазды суспензияда жарықшақтар пайда болады, бұл қалдық кернеудің құрамында барын көрсетеді және ол беріктік көрсеткіштерін төмендетеді. Құрамында КСР бар сулы-сазды суспензияда жарықшақтар болмайды (сурет 21в). Сазды суспензия дисперстіліктің жоғарылығына және бөлшектер арасындағы байланыстың артуы себебінен иілгіш, сондықтан араластырғышта құмның түйіршіктерін біркелкі қаптайды.



Сурет 21 – (а,б) КСР қосылмаған 7% мас.сулы-сазды суспензия;  
(ә,в) 1% мас. КСР қосқан кезіндегі, а,ә –  $\times 500$ , б,в –  $\times 8000$

КСР сулы-сазды ерітіндіге енгізілген кезде диспергацияланып, яғни сазды бөлшектерін ұсақ бөлшектерге ыдыратады және қоспадағы пайда болған кернеуді төмендетеді.

Анықталған қолайлы жағдайларда сілті реагентінің табиғатына тәуелді гумин қышқылдарының шығымы зерттелді. Сілтілік реагенттер ретінде